

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 05 сәуірдегі N 3313 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 18 сәуірде N 5-13-44 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 ақпандағы N 02-15/30 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Катонқарағай ауданы әкімдігінің 2011.02.23 N 02-15/30 хаты).

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31-бабының 1 тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-2 тармақшасына сәйкес, мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында, Катонқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс берушілерге мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Катонқарағай ауданы бойынша 2008-2010 жылдарға мүгедектер үшін жұмыс орнына квоталар енгізілген шаруашылық субъектілерінің тізімі бекітілсін (№ 1 қ о с ы м ш а) .

3. Қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. С ә д у о в қ а жүктелсін.

Аудан әкімі С.Зайнулдин
Катонқарағай аудандық әкімдігінің
" 0 5 " с ә у і р 2 0 0 8 ж ы л ғ ы
№ 3313 қаулысына № 1 қосымша

**Катонқарағай ауданы бойынша 2008-2010 жылдарға
мүгедектер үшін жұмыс орнына квоталар енгізілген
шаруашылық субъектілерінің ТІЗІМІ**

Реттік саны	Шаруашылық субъектілерінің атауы	Жұмыс орнының жалпы саны	Квоталанған жұмыс орындарының саны (3 %)
1	2	3	4
1.	"№ 22 Кәсіптік мектебі" ММ-сі	72	2
3.	"Катонқарағай аудандық № 1 ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналы кәсіпорыны	160	5
4.	Большенарым ауылындағы "Ленин атындағы орта мектебі" ММ-сі	77	2
5.	"Большенарым ауылдық лицей" ММ-сі	48	1
	Барлығы	357	10

Аудан әкімі аппаратының басшысы

Л.Тоқсанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК